

ТАЛАС ОМАРБЕКОВ

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

Қасиетті Әулиеата өңірі тұнған тарих. Мұнда ежелгі және орта ғасырлар тарихының адам сүйсінер және керемет таңданаралықтай тарихи ескерткіштер сақталып, бүгінгі күнге жеткен. Солардың ішінде тек қана Айша бибінің, Баба Әженің және Қараханның кесенелері айналасындағы аңыз бен ақиқаттың өзінде телегей-теңіз тағылым бар. Әр ескерткішінде ғасырлардың қайталанбас өрнегі бейнеленген талайғы Тараз-Әулиеатаның келбеті осындай тағылымға толы тарихымен ерекшеленеді.

Тараз өңірі ортағасырлық қалаларға да бай. Мұнда аттап басқан сайын ежелгі төрткүлдер мен керуен сарайлары, сауда орындары кездесіп отырады. Олардың көбісі төмпешікке айналса да, бір замандардағы көпкүмбезді, еңселі қақпалы, ақшаңқан, сұлу қалалардың өзіндік сырлы да, сымбатты архитектурасынан хабардар етеді. Осындай тұңғыық тарихтан бастау алатын әулие мекенде дүниеге келген адамның өткенге терең бойлап, оның құпия сырын шұқшия зерттеп, ғылым жолына түсетін азаматқа айналуы әдеттегі нәрседей көрінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, белгілі қазақ тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Талас Омарбековтың тарихшы мамандығын таңдауы әбден орынды тәрізді. Оның өзі әлемге әйгілі құпия елді-мекен, қабырғасы қалың да алып қаратастардан қаланған атақты Ақыртас қамалының іргесінде, ортағасырлық Түймекент шаһарының түбінде дүниеге келді. Мұндайды қазекен тарихпен ауызданған, немесе тарихпен көзін ашқан деп те айта береді. Міне, осындай тұнған тарих аясында дүниенің есігін ашқан, бала кезінен бұрынғы Тараз, кейінгі Әулиеата өңірінің сан түрлі, қат-қабат тарихынан хабардар болып, олардың құпиясын тереңірек білсем деген арман жетегіндегі азамат бүгінде туған тарихымыздың елге әйгілі жылнамашысы болып отыр.

Әулиеата өңірінің кейінгі жаңа замандағы тарихы да ұлт-азаттық күрестеріне толы. Біз әңгімелеп отырған Таластың өзінің өмірбаяны да осы күрделі тарихтан тікелей бастау алады. Оның ата-бабалары Дулат тайпасының Шымыр руынан тарайтын Жаңабай ру тармағының көрнекті, елге танымал тарихи тұлғалары болған еді. Осы рудан бүкіл қазаққа белгілі Абылайдың әйгілі жас батырларының бірі Мәмбет батыр және оның ұлы, қоқандар зеңбірекке байлап атқан атақты Байзақ датқа шыққан. Таластың өзінің ата-бабасы да осы өңірге әйгілі болып, кезінде кеңестік-тоталитарлық жүйе көзін жойған ел қадірлейтін ру ақсақалдары еді. Қазір бұл өңір Байзақ ауданы деген атпен батырдың есіміне ие. Осында туып-өскен Талас Абай

атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетіне оқуға түсіп, осында ұлт тарихын зерделейтін, қуғындалған әйгілі тарихшы Е. Бекмахановтың ісіне байланысты қуғын-сүргінге ұшыраған, ұлт тарихының білгірлері, қазақтар арасынан тарих ғылымында тұңғыш рет Қазанда кандидаттық дәреже алу үшін диссертациясын қорғаған, профессор Х. Әділгереев, профессорлар - С. Толыбеков, Н. Киікбаев, А. Бақшилов, А. Ахмеджанов, А. Муратовский тәрізді ғалымдардан дәріс алу бақытына ие болды.

Бұл кездегі тарихшы мамандығын таңдаған студенттің тағы бір бақыты Кенесары қозғалысын жақтайтын ғалымдардан ғана білім алу емес, оған қарсы, осы қозғалысты феодалдық-монархиялық деп бағалайтын, яғни тапшылдық пиғылдағы өзіміздің зерттеушілердің де пікірлерін тыңдап өсу мүмкіндігі еді. Солардың ішінде Қазақстан тарихынан Кенесары көтерілісін барлық еңбектерінде айыптап жазған профессор Т. Шойынбаев та бар еді. Болашақ тарихшы осындай қарама-қарсы көзқарастарды тыңдап, олардан өзіндік логикалық түйіндер мен тұжырымдар жасауға тиіс болды. Бұл кезең әйгілі жазушымыз І. Есенберлиннің «Қаһар» атты Кенесары көтерілісіне арналған тарихи романының қоғамда, әсіресе зиялы қауым арасында рухани сілкініс туғызған кезең еді. Мұнан әрине, студент Талас та тыс қала алған жоқ. Кімдікі дұрыс? - деген сауалға жауап іздеген тарих факультетінің студенттері жазушының өзімен кездесу өткізіп, қосымша әдебиеттерді іздестіріп, өз беттерінше топшылаулар жасайтын. Осындай тарихи орта Таласты да тарихшы мамандығын жүйелі түрде, терең меңгеруге итермеледі.

1971 жылы басталған тарихшы-ұстаз қызметінде де ол осы әдетінен тайған жоқ. Тарих факультетінде ортағасырлар тарихына маманданғандықтан және өзі де осы тұнған тарихтың ордасында қалыптасып, азамат болғандықтан, ол о бастан-ақ Тараз өңіріндегі ортағасырлық елді мекендерді айналшықтап, өзінің орта мектептегі шәкірттерін де туған тарихқа деген құштарлық сезімімен баурады.

Бүгінгі Байзақ ауданының Тегістік және Шахан ауылдары 70-ші жылдардың басында Талас Омарбековтың осындағы әйгілі ортағасырлық қамал Оххумды (Оқымды) зерттеген, онда қазба жұмыстарын жүргізген зерттеушілік әрекетінен жақсы хабардар. Ол осындағы Талас өзеніне қойындасып жатқан, бұрын ғалымдар назарынан тыс қалып келген үш дербес қорғандардан тұратын Тегістік төрткүліне де алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген еді. Мұның өзі жас ұстаздың алғашқы талпыныстарын Таразда облыстық музей қызметкері А. Поповтың, Алматыда әйгілі археолог К. Ақышевтың қолдауларының арқасында ғана мүмкін болды. Осының нақты көрінісі ортағасырлық Оххум қаласының тарихына байланысты Талас Омарбековтың «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында жарық көрген алғашқы тарихи-зерттеу мақаласына Кемел Ақышевтың ұнамды пікірі айтылып, сәт-сапар тілеуі еді. «Алтын адамды» әлемге әйгілі еткен бұл ғалымды бүгінде Қазақстаннан тыс аймақтағылар да жақсы біледі.

Талант сан қырлы болады деп дұрыс айтады. Талас Омарбековтің жазғандарын оқығанда, осының ақиқаттығына терең бойлай түсесіз. 1972

жылдан бастап ол республикалық баспасөз беттерінде тарихты орта мектепте оқыту әдістеріне және жас ұрпақты тарих тағылымы негізінде тәрбиелеуге арналған мақалаларын көптеп жариялады. Жап-жас ұстаз еңбегі бағаланып, 1974 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» деген әйгілі белгімен марапатталды. Алайда аудандық партия комитеті зерттеуші-тарихшының алғашқы қадамдарына құптау білдіре қойған жоқ, партияның саясатын марапаттаудың орнына, қайдағы бір ортағасырлық елді-мекендер тарихына шұқшиған тарихшы арнайы талқылауларға ұшырады. Бұл Таласты аудандық партия комитетіне жұмысқа шақырғаннан кейінгі орын алған ерсіліктер еді. Осыдан соң ғылыми тарихпен өмірін байланыстыруға біржолата шешім қабылдаған жігерлі де, арманшыл жас 1977 ж. Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына түсті. Кәсіби тарихшы болып қалыптасуға осылайша жаңа мүмкіндіктер туды.

Аспирантурадағы жылдарда ғылыми жетекшісі, сол кездегі Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры Ж. Жұмабековтың, осында проректор болып жұмыс жасаған, кейіннен бүкіл қазаққа әйгілі азамат М. Арыновтың, Ц.Л. Фридманның, Қ. Шүлембаевтың, Қ. Қасымовтың, Ә. Тұрсынбаевтың және ұстаздарының үздіксіз қамқорлығының арқасында жас ғалым колхоз құрылысының тарихы мәселелері бойынша дайындаған кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Бұл диссертациялық еңбек Мәскеуде мақұлданып заман еді. Зерттеуге Ресейдегі мамандар қызу қолдау танытты.

Ұстаздық жолын өзі оқыған оқу орнында жалғастырған Таласты 1988 жылы елімізде болған саяси өзгеріске байланысты Қазақстан тарихын жаңаша көзқараспен қайта жазуды ойластырған Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті сол кездегі Партия тарихы институтының тарих секторына аға ғылыми қызметкер ретінде шақыртып алды. Осында ол Орталық Комитеттің қазақ тарихына жанашыр Өзбекәлі Жәнібеков, Қуаныш Сұлтанов тәрізді азаматтардың ықпалымен және ақыл-кеңесімен зерттеу жұмыстарын жандандырды.

Ресми мекеменің жанында жұмыс істеу ғалымға партия органдарының кеңестік кезеңдегі қуғын-сүргінге қатысты құпия құжаттарымен, ОГПУ-дің бұрын жабық болып келген көптеген іс-қағаздарымен терең және жан-жақты танысуға мүмкіндік берді. Осының арқасында Талас Омарбеков өзінің ғылыми ізденістерін партияның 20-30-шы жылдардағы зобалаң саясатын әшкерелейтін еңбектер жазудан бастады. Оның «Голощекин геноциді» деп аталатын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген көлемді ғылыми зерттеуі осындай зерттеулердің алғашқы бастауы еді. Алайда партияның билігі тұғырдан таймаған кезде оның саясатын қаралап, мақала жазу қазақ зиялыларының бәрінен бірдей қолдау таба қойған жоқ. Әсіресе, бұл еңбекте тұңғыш рет 1931-33 жж. аштықта аштан қырылған 2 млн. аса қазақтың санын нақтылай түсетін деректердің жарық көруі сол тұстағы кейбір партия қызметкерлерінің наразылығына ұшырады. Нәтижесінде, саяси қысым жұмсарған «жариялылық пен демократия» жылдарының өзінде Т. Омарбековке ашықтан-ашық қысым жасалып, мұндай зерттеу мақалаларды жазуға болмайтындығы ескертіле бастады. Бұл мәселенің ұшыққаны сондай,

оған «Егемен Қазақстан» газеті араласып, тарихшы ғалымға принципті түрде ара түсіп, оны қорғады. Қазақ даласындағы аштық және күшпен ұжымдастыру мәселесі ғалымның кейіннен жарық көрген «Тарих тағылымы не дейді? (М. Қойгелдиевпен бірге)», «Зобалаң», «Қазақстан қасіреті» атты іргелі зерттеулерінде және т.б. еңбектерінде жан-жақты, ұлттық мүдде тұрғысынан тереңдетіліп зерттелді. Бұл еңбектердің маңыздылығы сол, онда бұрыннан әңгіме болған қазақ байларын тәркілеу мәселесі жаңа қырынан қойылып, қазақ байларының ауылдағы тарихи тұлғалар ретінде орны мен маңызы, олардың құпия мұрағат қорында сақталған жеке құжаттары негізінде жаңаша баға алған. Сонымен бірге тарихымызда бұрын айтылып жүргендей, көшпелі қазақтарды зорлап отырықшыландырудың шын мәнінде пайдасынан зиянының әлдеқайда көп болғаны нақты деректер негізінде дәлелденген. Әсіресе, бұрын тарихи әдебиетте ауызға алынбайтын 1929-31 ж.ж. аралығында Қазақстанда орын алған қазақ шаруаларының тоталитарлық жүйеге қарсы күресі алғаш рет ғылыми түрде жан-жақты зерттелді. Осы еңбектердің арқасында оқырман Батпаққара, Ырғыз, Созақ, Балқаш, Сарқанд, Абыралы, Шыңғыстау аймақтарында және т.б. елді мекендерде орын алған қазақ шаруаларының қантөгіске толы көтерілістерінен хабардар болды. Ең маңыздысы сол - Талас Омарбеков бұл көтерілістерге тұңғыш рет ұлт-азаттық қозғалысы деген жаңа баға берді. Тағы бір маңызды жетістік - зерттеушінің тынымсыз еңбегінің арқасында осы көтерілістерге қатысқан, халық орталарынан хан көтерген, елге сыйлы әрі қадірлі көптеген тарихи тұлғалар тәуелсіз тарихымызға қаһармандар ретінде енді.

1931-33 жылдары ашаршылықта қанша қазақтың босқыншылыққа ұшырап, басқа жұрттарға безіп кеткенін және осы зобалаңда 2 млн. 200 мыңнан астам қазақтың қырылғанын ғылыми тұрғыдан деректер негізінде нақты дәлелдеп берген де Талас Омарбеков болды. Ол бұрын зерттеушілерге белгісіз Қазақстанның халық шаруашылығы есебі басқармасының төрағасы М. Саматовтың, оның орынбасары Л. Мацкевичтің Мәскеуге және Қазақстан басшысы Л. Мирзоянға жазған нақты хаттарына, кезінде И. Сталин жариялауға тыйым салған 1937 жылғы бүкілодақтық халық санағының есептеріне, сондай-ақ жыл сайын жүргізілетін салық санағына талдау жасап, тарихи-әлеуметтік маңызы зор, тиянақты ғылыми қорытындыларға келген еді.

1989 жылдан бастап осы тақырыпты тереңдете зерттеген ғалым қазіргі кезде осы бағытта көптеген шәкірттер тәрбиелеп, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Оның оқушылары арасында өзінің тікелей жетекшілігімен қорғаған 25 ғылым кандидаты, 4 ғылым докторы бар.

Ғалым 1991 жылы еңбек жолын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғастырып, 2016-2017 оқу жылына дейін Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Атынан көрініп тұрғандай, бұл кафедра қазақ халқының бұрынғы қалыптасу тарихын әртүрлі қырынан зерттейтін мамандарды топтастырған. Оларды ғылыми жұмысқа бағыттап, оқытушылық пен зерттеу қызметін ұштастыра жүргізуді қамтамасыз ету Талас Омарбеков бастаған ұжымның

ғылыми және педагогикалық жұмыста аса қомақты, ірі жетістіктерге жетуіне алып келді.

Ғалымның өзі де тынбай ізденіп, бұрын өзі 70-ші жылдардан бастап қолға алған ортағасырлар тарихы мәселелерін нақты зерттеуге көңіл бөлді. Бүгінгі күні ұлттық университеттегі қызметін ұлттық теңгеміздің авторы - Хайролла Ғабжалиловтың қаржылай қолдауымен ұйымдастырылған «Алаш» тарихи-зерттеу орталығындағы директорлық жұмыспен тығыз үштастыра білген Т. Омарбеков қазақ тарихының ең бір осал тұсынан саналатын қазақты құраған ру-тайпалардың ежелгі тарихын жүйелі түрде зерттеп, жазып шығу тәрізді ауыр да күрделі міндетті жүзеге асырды.

Бір топ талантты тарихшыларды ортақ мүддеге біріктірген бұл орталықта Х. Ғабжалиловтың бас редакторлығымен және Т. Омарбековтің ғылыми жетекшілігімен халқымыздың тарихының бүгінгі күнге дейін қолға алынбай келген этникалық мәселелерін тереңдете қозғайтын «Алаш» тарихи-зерттеу журналы жарық көргеніне де біраз уақыт болды. Онда әсіресе, қазақ ру-тайпаларының ежелгі тарихы, халқымыздың өткенінде орын алған әртүрлі этнонимдардың қыры мен сыры тиянақты түрде зерттеліп, ұлтымыздың мүддесі тұрғысынан тың да жаңа ғылыми топшылаулар мен тұжырымдар жасалды. Кезінде Шәкәрім қажы қозғаған, М. Тынышпаев және Н. Аристов тәрізді талантты зерттеушілер індете зерттеген, бүгінгі күні әр ауылда жазылып жатқан қазақ шежіресінің ғылыми түрде қайта талдануына және объективті баға алуына осы «Алаш» орталығы үздіксіз ат салысып келді. Қалың қазақтың көкейінде жүрген тарихи сұранысы қанағаттандыратын халыққа керек мұндай зерттеулердің аса маңыздылығын айтып жатудың өзі де артықтау болар.

Талас Омарбековтің еңбектері арасында оның байырғы бабасы Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихи мұраларын зерттеуге байланысты ізденістері бір төбе. Оның бұл бағыттағы зерттеулері кезінде кенеттен қайтыс болған тарихшы ұлы Шыңғыспен бірігіп жазған «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде біршама жинақталып берілген. Оқырмандар бұл зерттеулерден ұлы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» мұрасының қазақ тарихы үшін аса құнды екендігін, бұл еңбектің шын мәнінде қазақ мемлекеттілігінің - Қазақ хандығының тарихи бастауларын және саяси негіздерін айқындап беретін бірден-бір ерекше орнын айқын байқайды.

Кезінде Моғолстан деген атпен әйгілі болған Қазақстанның оңтүстігіндегі және Жетісудағы мемлекеттік құрылымның қазақ мемлекеттігін қалыптастырудағы орны мен рөлі бұрын мұншалықты айқын айтыла қойған жоқ еді. Сонымен бірге Шағатай ұлысынан бастау алатын бұл өңірдегі қазақты құраған тайпалардың белсенді іс-әрекеті, олардың мемлекеттік билікке ықпалы дәл осы зерттеулерде анықтала түсті.

Кейінгі бес жыл көлемінде ғалым «Қазақ түркілерінің мемлекеттігі: ұлыстар, қағанаттар мен хандықтар», «Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. Екі томдық», «Қазақстан (Қазақ елі)» және басқа іргелі еңбектер жазды. Осылардың ішінде «Қазақстан (Қазақ елі)» төрт томдық

оқулығы әлеуметтік маңызы мен мәні айрықша зор екенін атап айту парыз. Бұл — Қазақстанның арғы-бергі тарихындағы қазақ тілінде жазылған және ооғары мектепке арналған алғашқы толымды оқулық.

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқару мен жүргізудің майталман шебері Талас Омарбеков бүгінде Орталық Азияның дәстүрлі өркениетін зерттеу жөніндегі республикалық орталықтың директоры ретінде ел игілігі үшін ерен еңбек үстінде.

Көз майын тауысып, көп жылдар бойы тарихымыздың қыры мен сырын зерттеуге өзінің таланты мен жанқиярлық еңбегін сарп еткен зерттеуші Талас Омарбеков бүгінде өзінің ғалым ретінде қалыптасқан, зерттеуші ретінде әбден толысқан шағында. Оған өзінің қиын да қызықты, азапты да ауыр зерттеу жұмысында жаңа табыстар тілейміз. Тарих ғылымында қазақтың абыройын арттырып, намысын жыртып жүрген осындай ұлтжанды азаматтарымыздың баршылық екеніне шүкіршілік етеміз. Осындай азаматтарымыз аман болса, халқымыздың тарихы да түгенделе берер деген шұғылалы үміт біздерді алға жетелейді. Лайым үмітіміз ақтала берсін!

Сайтта жариялауға 2016 ұсынылды